

Ертіс су электр станциялары каскадына халықаралық тендер өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 19 наурыздағы N 369

Ертіс су электр станциялары каскадын қаржы-экономикалық сауықтыру үшін инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі департаменті Семей қаласының 1-ЖЭО және 2-ЖЭО жекешелендірумен "Шульба СЭС" акционерлік қоғамын және Өскемен ЖЭО, Лениногор ЖЭО және Согринск ЖЭО жекешелендіре отырып "Өскемен СЭС" акционерлік қоғамын мүліктік жалдауға (концессияға) беру жөнінде белгіленген тәртіппен халықаралық тендерлер өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі департаментімен бірлесіп бір апта мерзімде жоғарыда аталған тендерлерді өткізу тәртібі мен шарттарын әзірлесін және Үкіметтің келісуіне енгізсін. Тендердің шарттарын 1997 жылдың 21 наурызына дейін бұқаралық құралдарында жарияласын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі